

Павлодар облысы Павлодар ауданы ауылдарының атауларын өзгерту туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 90/9 шешімі.
Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 19 қаңтарда N 2876 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11 бабының 4) тармақшасына, Павлодар ауданы мәслихаты мен әкімдігінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы "Павлодар ауданы Кеңес ауылдық округі Кеңес ауылының қайта атауы туралы" N 4-16 және "Павлодар ауданы Григорьевка ауылдық округі Григорьевка ауылының қайта атауы туралы" N 4-16 бірлескен қаулыларына, облыс әкімдігінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы "Павлодар ауданы ауылдарының атауларын өзгерту туралы" N 294/10 қаулысына сәйкес облыстық Мәслихат пен облыс әкімдігі

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. Павлодар облысы Павлодар ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Павлодар ауданы Григорьевка ауылдық округінің Григорьевка ауылы Павлодар ауданы Григорьевка селолық округінің "Жаңа қала" ауылы болып;

Павлодар ауданы Кеңес ауылдық округінің Кеңес ауылы Павлодар ауданы Кеңес селолық округінің "Әйтім ауылы" болып өзгерілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық Мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау және ақпараттық саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы А. Гуськов

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров